

**Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісімді бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 5 шілде N 928

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. 1999 жылғы 11 сәуірде Тегеран қаласында жасалған Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам Республикасы Үкіметінің арасындағы Кеден істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы келісім бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасының Үкіметі мен Иран Ислам  
Республикасының Үкіметі арасындағы кеден  
істеріндегі ынтымақтастық пен өзара көмек туралы  
Келісім

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын Қазақстан Республикасының Үкіметі мен  
Иран Ислам Республикасының Үкіметі,

кедендік құқық бұзушылық Тараптар мемлекеттерінің экономикалық және әлеуметтік мүдделеріне зиян келтіретіндігін ескере отырып;

кеден заңдарын, оның ішінде импорттық және экспорттық баждарды өндіріп алу кезінде бұрмалаушылықтың алдын алу жөніндегі күш-жігерлердің, сондай-ақ тыйым салулардың, шектеулердің және бақылаудың дәлме-дәл сақталуы кеден қызметтерінің ынтымақтастығы жағдайында неғұрлым табысты жүзеге асырылуы мүмкін екендігіне кәміл сенім білдіре отырып;

кеден қызметтерінің ынтымақтастығы арқылы Тараптар арасындағы жолаушылар мен жүк қатынасын дамытуға және жеделдетуге жәрдем көрсетуге ұмтыла отырып;

есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымы қоғамның қауіпсіздігіне және адамдардың денсаулығына қауіп төндіретіндігін ескере отырып;

1953 жылғы 5 желтоқсандағы Әкімшілік көмек жөніндегі кедендік ынтымақтастық кеңесі ұсынысының ережелерін назарға ала отырып;

сол сияқты 1961 жылғы 30 наурыздағы Есірткі құралдары туралы бірыңғай конвенцияның, 1971 жылғы 21 ақпандағы Жүйкеге әсер ететін заттар туралы конвенцияның және 1988 жылғы 20 желтоқсандағы Есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың контрабандасы туралы конвенцияның ережелерін назарға ала отырып;

төмендегілер туралы келісті:

## 1-бап

### Анықтамалар

Осы Келісімнің мақсаттары үшін қолданылатын терминдер мыналарды білдіреді:

"кеден заңдары" - тауарларды әкелудің, әкетудің және транзитінің, кеден баждарын, алымдарын және басқа да төлемдерді өндіріп алудың, кеден төлемдері бойынша жеңілдіктер берудің, тыйым салулар мен шектеулерді белгілеудің, сондай-ақ тауарлардың Тараптар мемлекеттерінің кеден шекаралары арқылы айналасына бақылау жасаудың тәртібін реттейтін нормативтік құқықтық актілердің жиынтығы;

"кедендік құқық бұзушылық" - жауапкершілігі Тараптардың ұлттық заңдарында көзделген кеден заңдарын кез келген бұзу немесе бұзуға әрекет жасау;

"кеден қызметтері" - Тараптардың орталық кеден органдары;

"тұлға" - жеке немесе заңды тұлға;

"бақыланатын жеткізілім әдісі" - есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына қатысы бар тұлғаларды анықтау мақсатында Тараптар мемлекеттерінің құзыретті органдарының рұқсатымен және бақылауымен есірткі құралдарының, жүйкеге әсер ететін заттар топтарының Тараптар мемлекеттерінің аумағына әкелінуіне, транзитіне немесе әкетілуіне жол берілетін әдіс.

## 2-бап

### Келісімнің қолданылу саласы

1. Осы Келісімнің негізінде және өз кеден қызметтері арқылы, Тараптар өздерінің құзыреті шеңберінде және ұлттық заңдарын сақтай отырып:

- a) Тараптар арасындағы жолаушылар мен жүк қатынастарын, сондай-ақ почта жөнелтілімдерін кедендік бақылауды жетілдіру жөнінде шаралар қолданылатын болады;
- b) кедендік құқық бұзушылықты анықтауда, алдын алу мен жолын кесуде бір-біріне жәрдемдеседі;
- c) сұрау салу бойынша кеден заңдарын іске асыру мақсатында бір-біріне ақпарат беруде жәрдемдеседі;
- d) жаңа кеден рәсімдерін зарттеуде, жетілдіруде және қолдануда; жеке құрамды оқыту мен тәжірибе алмасуда, және де бірлескен іс-қимылды талап ететін басқа да жағдайларда жәрдем көрсетеді;
- e) Тараптар арасындағы кедендік ресімдеу рәсімдерін жеңілдету мен жетілдіруге және Тараптардың ұлттық заңдарында бар айырмашылықтарға байланысты туындайтын мәселелерді шешуге ұмтылатын болады.

2. Осы Келісімде көзделген өзара көмек сұрау салынған Тараптың аумағында қолданылып жүрген ұлттық заңдарға сәйкес және сұрау салынған кеден қызметінің құзыреті мен мүмкіндігі шеңберінде көрсетіледі.

### 3-бап

#### Ынтымақтастық пен өзара көмек нысандары

Сұрау салу бойынша немесе жеке бастамасы бойынша Тараптардың кеден қызметтері:

- a) осы Келісімге сәйкес барлық қажетті ақпаратты береді;
- b) кеден заңдарын бұзушылыққа қарсы күрес жүргізудің жаңа нысандары, тәсілдері мен әдістері жөнінде кеден қызметтерінің жұмыс тәжірибесімен алмасады;
- c) кеден заңдарын бұзудың жаңа нысандары туралы ақпарат алмасатын;
- d) осы Келісімнің мәселелерін, бақылаудың техникалық құралдары мен оларды

қолдану әдістерін қозғайтын Тараптардың кеден заңдарының өзгерістеріне қатысты бір-бірін хабардар етеді, сондай-ақ өзара мүдделік білдірілетін мәселелерді талқылау үшін жұмыс бабындағы кездесулер өткізеді;

е) тауарлардың шыққан елін анықтаудың ұлттық ережелерін қолдану туралы ақпарат беретін болады.

#### 4-бап

##### Кеден рәсімдерін оңайлату

1. Тараптардың кеден қызметтері өзара келісім бойынша қазақ, фарси, ағылшын және орыс тілдеріндегі кеден құжаттарын тани алады.

2. Кеден қызметтері Тараптардың кедендік пломбыларды, мөрлердің ізтаңбаларын, мөртабандарды және Тараптардың кедендік құжаттарын танитын болады, ал қажет болған жағдайда айналыстағы тауарларға өз кедендік қамтамасыз етуін қолданады.

#### 5-бап

##### Ақпарат беру

1. Тараптардың кеден қызметтері:

а) кеден баждары мен салықтарын өндіріп алуға, сондай-ақ кедендік жеңілдіктерді қолдануға байланысты мән-жайлар туралы;

б) сұрау салушы Тарап мемлекетінің кеден заңдарына қайшы келетін, әзірленіп жатқан немесе жасалған іс-әрекеттер туралы өздерінің қолдарындағы бар ақпаратпен, оның ішінде хабарлар, хаттамалар мен өзге де материалдар немесе олардың куәландырылған көшірмелерін жіберу арқылы алмасып отыратын болады.

2. Тараптардың кеден қызметтері мүмкіндігінше қысқа мерзімде, сонымен бірге алдын ала сұрау салусыз Тараптар қарсы күресуге ерекше мүдделілік танытып отырған ықтимал кедендік құқық бұзушылықтар туралы ақпарат береді. Бұл, ең алдымен:

- a) қоршаған орта мен халықтың денсаулығы үшін қауіп төндіретін тауарларға;
- b) қаруларға, оқ-дәрілерге, жарылғыш заттарға және жарылғыш қондырғыларға;
- c) кеден заңдарын бұзуға пайдаланылған немесе пайдаланылады деп күдік келтіретін көлік құралдарының кез келген түрлеріне;
- d) басқа Тарап мемлекетінің аумағына едәуір мөлшерде заңсыз әкелінуіне мүмкіндік жасайтын тауарларды сақтау орындарына;
- e) жоғары кеден баждары мен салықтары салынуы тиіс тауарларға;
- f) импорт, экспорт немесе транзит кезінде тыйым салулар мен шектеулерді немесе кедендік баждардан, салықтардан және басқа да алымдардан босатуды пайдалануға қатысты кедендік құқық бұзушылықтарға немесе айналыстарға қатысты.

## 6-бап

### Бақыланатын жеткізілім

1. Тауарлар мен заттардың заңсыз айналымына қатысты тұлғаларды анықтау мақсатында тауарлар мен заттарды бақыланатын жеткізілім әдісі тек қана Тараптардың кеден қызметтерінің өзара келісімі бойынша қолданылады.

2. Бақыланатын жеткізілім әдісі қолданылатын заңсыз топтамалар Тараптардың кеден қызметтерінің өзара уағдаластығы бойынша алып қойылуы немесе толық не болмаса ішінара ауыстыру арқылы кідірілуі және сол қалпында одан әрі кете беруі мүмкін.

3. Бақыланатын жеткізілім әдісін қолдану туралы шешімдерді Тараптар әрбір нақты жағдайда бөлек қабылдайды және қажет болған жағдайда, Тараптардың қаржылық уағдаластығын және оны іске асыру туралы шешімді ескереді.

## 7-бап

Бір Тараптың кеден қызметі өз бастамашылығы бойынша немесе сұрау салу бойынша екінші бір Тараптың кеден қызметіне:

а) сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағына әкелінген тауарлар екінші бір Тарап мемлекетінің аумағынан заңды жолмен әкетілді ме жоқ па;

б) сұрау салушы Тарап мемлекетінің аумағынан әкетілген тауарлар екінші бір Тарап мемлекетінің аумағына заңды жолмен әкелінді ме жоқ па деген ақпарат береді.

## 8-бап

### Басқа да іс-әрекеттер туралы ақпарат

Бір Тараптың кеден қызметі өз бастамашылығы бойынша немесе сұрау салу бойынша екінші бір Тараптың кеден қызметіне екінші бір Тарап мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген кеден заңдарын бұзуға қатысы бар және атап айтқанда, мыналар:

а) екінші бір Тарап мемлекетінің аумағында кеден заңдарын бұзғаны мәлім болған немесе күдік келтіретін жеке немесе заңды тұлғалар;

б) заңсыз сауда объектілері ретінде белгіленетін және күдік келтіретін тауарлар;

с) екінші бір Тарап мемлекетінің аумағында кеден заңдарын бұзу мақсатында пайдалануда мәлім болған немесе пайдаланылған деп күдік келтіретін көлік құралдары жөнінде барлық ақпаратты береді.

## 9-бап

### Істер мен құжаттар

1. Бір Тараптың кеден қызметі өз бастамашылығы бойынша немесе сұрау салу бойынша екінші бір Тараптың кеден қызметіне дипломатиялық арналар арқылы осы Тарап мемлекетінің аумағында кеден заңдарын бұзуға әкеліп соқтыруы мүмкін, жасалған немесе жоспарланып отырған іс-әрекеттерге қатысты қолда бар барлық

ақпаратты қамтитын құжаттардың куәландырылған көшірмелерін береді.

2. Осы Келісімге сәйкес берілетін құжаттар электрондық көздердегі кез келген нысандағы ақпаратпен алмастырылуы мүмкін. Берілген материалдарды түсіндіруге немесе пайдалануға арналған барлық тиісті ақпарат бір мезгілде жіберілуі тиіс.

## 10-бап

### Тергеу

1. Бір Тараптың кеден қызметінің сұрау салуы бойынша екінші бір Тараптың кеден қызметі сұрау салушы кеден қызметі мемлекетінің аумағындағы кеден заңдарына қайшы келетін әрекеттерге қатысты барлық ресми тергеулерді жүзеге асырады.

2. Тергеу сұрау салушы кеден қызметі мемлекетінің аумағында қолданылып жүрген ұлттық заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

3. Бір Тараптың кеден қызметінің лауазым иелері, ерекше жағдайларда, екінші Тараптың кеден қызметінің басшылығының келісімі бойынша кеден заңдарының бұзулуы жөніндегі істерді тергеу кезінде оның аумағында болып және жеке қарауды талап ететін құпия құжаттарды қоспағанда, құжаттардың түпнұсқасымен таныса алады.

## 11-бап

### Лауазым иелерінің болуы жөніндегі шаралар

Осы Келісімде көзделген жағдайларда бір Тараптың кеден қызметінің лауазым иелері екінші бір Тарап мемлекетінің аумағында жүргенде кез келген уақытта өз өкілдіктерінің дәлелдемесін көрсетуі тиіс. Аталған адамдар арнайы нысандағы киімдер кимейді және қару ұстамайды.

## 12-бап

### Сарапшылар мен куәгерлер

Егер бір Тараптың сот немесе әкімшілік органдары қарастырылып отырған кедендік құқық бұзушылықтарға байланысты тиісті сұрау салу арқылы өтініш білдірсе, онда екінші бір Тараптың кеден қызметі өз қызметкерлеріне мұндай сот немесе әкімшілік тұрғыдағы іс қарауларда сарапшылар не куәгерлер ретінде әрекет етуге уәкілеттік бере алады. Бұл қызметкерлер өздерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде олар анықтаған фактілер бойынша айғақтама немесе қорытынды береді. Сот немесе әкімшілік тұрғыдағы іс қарауларға қатысу туралы сұрау салуда бұл қызметкер қандай іс бойынша және кім ретінде әрекет ететіндігі көрсетілуі тиіс.

## 13-бап

### Мәліметтер мен құжаттарды пайдалану

1. Осы Келісімге сәйкес алынған мәліметтер, хабарлар мен құжаттар тек қана осы Келісімді орындау мақсатында пайдаланылады. Олар қайсыбір жанға берілмейді немесе оларды берген кеден қызметінің жазбаша келісімінсіз өзге де мақсаттар үшін пайдаланылмайды.

2. Осы баптың 1-тармағы ережелерінің есірткі құралдары мен жүйкеге әсер ететін заттардың заңсыз айналымына байланысты бұрмаушылықтар туралы материалдарға қатысы жоқ. Мұндай ақпарат есірткі құралдарының заңсыз айналымына қарсы күрес жүргізумен тікелей айналысатын басқа да органдарға берілуі мүмкін.

3. Тараптардың кеден қызметтері осы Келісімнің мақсаттарына сәйкес және әрекет ету аясы шеңберінде осы Келісімге сәйкес алынған мәліметтер мен құжаттарды өз хаттамаларында, хабарларында немесе өзге де материалдарында, сот немесе әкімшілік тұрғыдағы іс қарауларда дәлелдеме ретінде пайдалануы мүмкін.

4. Мұндай ақпарат пен құжаттарды сот немесе әкімшілік тұрғыдағы іс қарауларды



дәлелдеме ретінде пайдалану, сондай-ақ оларды бағалау Тараптардың ұлттық заңдарына сәйкес жүргізіледі.

#### 14-бап

##### Көмек көрсетуден бас тарту

1. Егер бір Тараптың кеден қызметі сұрау салуды орындау оның мемлекетінің егемендігіне, қауіпсіздігіне, қоғамдық тәртібіне немесе басқа да маңызды мүдделеріне зиян келтіруі мүмкін деп санаса, оның сұрау салуды орындаудан толығымен немесе ішінара бас тартуы немесе оған белгілі бір шарттар немесе талаптар сақталған кезде орындауы мүмкін.

2. Егер сұрау салуды орындаудан бас тартылса, бас тарту туралы шешім мен оның себептері туралы сұрау салушы кеден қызметіне жазбаша түрде дереу хабарланады.

3. Егер Тараптардың бірінің кеден қызметі өзі орындай алмайтын көмек көрсету туралы сұрау салып өтініш білдірсе, ол өз талап-тілегінде осы мән-жайды көрсетеді. Мұндай сұрау салуды орындау сұрау салынған Тараптың кеден қызметінің өз қалауына беріледі.

#### 15-бап

##### Көмек көрсету туралы сұрау салудың нысаны мен мазмұны

1. Осы Келісімде көзделген сұрау салулар жазбаша нысанда жасалады.

Сұрау салуға оны орындауы үшін қажетті құжаттар қоса беріледі. Төтенше оқиғалар жағдайында ауызша сұрау салулар қабылдануы мүмкін, алайда олар тез арада жазбаша нысанда қуатталуы тиіс. Салынған сұрау жедел орындалады, қажет болған жағдайда Тараптар арасындағы уағдаластық бойынша алынған сұрауды орындау мерзімі ұзартылуы мүмкін.

2. Осы баптың 1-тармағында көзделген сұрау салулар мынадай деректерді:

- a) сұрау салып отырған кеден органының атауын;
- b) сұрау салынатын әрекетті;
- c) сұрау салудың тақырыбы мен себебін;
- d) заңдарды, өзге де нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды;
- e) сұрау салу жіберіліп отырған заңды және жеке тұлғаларға қатысты мүмкіндігінше толық мәліметтерді;
- f) сұрау салынып отырған кеден органының атауын қамтуы қажет.

3. Сұрау салу сұрау салынатын кеден қызметі Тарабының мемлекеттік тілінде, сұрау салушы кеден қызметі үшін қолайлы ағылшын немесе басқа тілде жасалады.

4. Егер бұл сұрау салуды орындауға қажет болса, сұрау салынатын кедендік орган нақтылау тәртібімен қосымша ақпарат сұрата алады.

#### 16-бап

##### Техникалық көмек

Кеден қызметтері:

- a) өзара мүдделі болып табылатын жағдайда, сондай-ақ кеден қызметтері пайдаланатын техникалық құралдармен танысу мақсатында сарапшылармен алмасуды;
- b) қызметкерлерді оқыту және олардың арнайы дағдыларын жетілдіруді;
- c) бақылау және анықтау құралдарын пайдалануда ақпарат пен тәжірибе алмасуды;
- d) кеден мәселелеріне қатысты кәсіби, ғылыми және техникалық мәліметтермен алмасуды қоса алғанда кеден ісі саласында бір-біріне техникалық көмек көрсетеді.

#### 17-бап

##### Құпиялылық

Осы Келісімнің ережелеріне сәйкес алынған кез келген ақпаратқа, құжаттарға немесе мәліметтерге алушы Тарапта осы Тараптың аумағында алынған осындай ақпаратты, құжаттарды немесе мәліметтерді жариялылықтан қорғау дәрежесі қандай болса, сондай дәрежедегі қорғаныш беріледі.

#### 18-бап

### Өзгерістер мен толықтырулар енгізудің тәртібі

Тараптардың келісімі бойынша осы Келісімге өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін. Өзгерістер мен толықтырулар осы Келісімнің ажырамас бөлігі болып табылатын жекелеген хаттамалармен ресімделеді және осы Келісімнің 23-бабында белгіленген тәртіппен күшіне енеді.

### 19-бап

### Даулы мәселелерді шешу

Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге байланысты Тараптар арасында туындайтын барлық даулы мәселелер консультациялар және келіссөздер жолымен шешіледі.

### 20-бап

### Шығыстар

1. Мемлекеттік қызметте жұмыс істемейтін сарапшылардың, куәгерлердің және аудармашылардың еңбегіне ақы төлеуге байланысты орын алған шығыстарды қоспағанда, осы Келісімге сәйкес сұрау салуды орындау жөніндегі шығыстарды сұрау салуды орындайтын кеден қызметі көтереді.

2. Осы Келісімнің 16-бабының ережелерін орындауға байланысты

шығыстарды өтеу Тараптардың кеден қызметтері арасындағы бөлек

уағдаластықтардың тақырыбы болуы мүмкін.

## 21-бап

### Келісімді орындау

1. Осы Келісімде көзделген ынтымақтастық тікелей Тараптардың кеден қызметтері арасында жүзеге асырылады. Кеден қызметтері осы мақсаттарға арналған барлық мәселелер бойынша өзара шешім қабылдайды.

2. Кеден қызметтері өз құзыреті шегінде осы Келісімді орындауға қажетті нормативтік құқықтық актілер шығарады.

## 22-бап

### Аумақтық қолданысы

Осы Келісім Тараптар мемлекеттерінің аумақтарында қолданылады.

## 23-бап

### Күшіне енуі және қолданысының тоқтатылуы

1. Осы Келісімнің ережелері басқа халықаралық шарттарға сәйкес Тараптар қабылданған міндеттемелерді қозғамайды және шектемейді.

2. Осы Келісім оның күшіне енуі үшін тиісті мемлекетішілік рәсімдердің орындалғанын растайтын Тараптардың бірінің соңғы жазбаша хабарламасы алынғаннан кейін отызыншы күні күшіне енеді.

Осы Келісім белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың бірі оның

қолданысын тоқтату ниеті туралы екінші Тарапқа хабарлаған уақытқа дейін қолданылатын болады. Мұндай жағдайда Келісімнің қолданысы осындай хабарлама алынған күннен бастап он екі айдан соң тоқтатылады.

Тегеран қаласында 1378 к.қ. ж. фарвардинге сәйкес келетін 1999 жылғы 11 сәуірде екі дана болып, әрқайсысы қазақ, фарси, ағылшын және орыс тілдерінде жасалды және де барлық мәтіндер түпнұсқаға сәйкес келеді. Осы Келісімнің ережелерін түсіндіруге қатысты пікір алшақтығы туындаған

жағдайда Тараптар ағылшын тіліндегі мәтінді басшылыққа алады.

Қазақстан Республикасының  
Үкіметі үшін

Иран Ислам  
Республикасының Үкіметі үшін

Оқығандар:  
Омарбекова А.  
Нарбаев Е.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК